

Білімгеріміздің білімділігіне қол жеткізіміз:
«Балбөбек» ЖШС-інің басқарушысы
менгерушісі
Қ.Д.Бақтыбаева
2024ж



**СӨЙЛЕУ ҚАБІЛЕТІ БҰЗЫЛҒАН БАЛАҒА БІЛІМ БЕРУДІҢ
ЖЕКЕ ЖҰМЫС БАҒДАРЛАМАСЫ
2024-2025 ОҚУ ЖЫЛЫ.
«БӨБЕК» ОРТАҢҒЫ ТОБЫ**

ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБАСЫ

Мейрам Ескендір 26.01.2021ж. балабақшада 2023 жылдың 15 қыркүйек айынан бастап тәрбиеленеді.

Баланың отбасы толыққан, отбасында төрт бала бар. Ата-аналар моральдық тұрғыдан тұрақты, баланың дамуы мен тәрбиесіне қызығушылық танытады және бұған үлкен мән береді.

Ескендір балалармен ойнайды, ойыншықтарды қолданады, тәрбиешінің ұйымдастыруымен топта ойындарға қызығады. Көбінесе үстел үсті ойындарын ұнатады. Ойыншықтарды мақсатына сай қолданады, ұқыпты қарайды, ойыннан кейін ойыншықтарды орнына қояды.

Мінез-құлық мәселелері : қызмет ету дағдылары жасына байланысты дамыған, қажет болған жағдайда ересектерден немесе құрдастарынан көмек сұрайды.

Қарым-қатынас мәселелері: балаларға қосылады, көңіл- күйі тұрақты.

Балабақшаға бейімделуі орташа деңгейде. Танымдық қызығушылық сабақтары кезінде қызығушылық көрсетеді, назары әрдайым тұрақты.

Сөздік қордың жеткіліксіздігі: бала толық сөйлемейді .

ПМПК тұжырымына сәйкес, баланың сөйлеу қабілеті дамымаған (сөйлеу тілінің бұзылуы:жалпы сөйлеу тіл дамымауының I-II деңгейі. Сөйлеудің дамымауына байланысты ойын іс-әрекетінің қалыптасуының тежелуі). Бұл жеке білім беру бағдарламасы «Білім Туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 Заңы «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2002 жылғы 11 шілдедегі N 343 Заңы. Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы сәйкес жасалған.

Бағдарламаның мақсаты: сөйлеудің жалпы дамымауы бар баланың дамуына жағдай жасауға жүйелі көзқарас қалыптастыру және оған мектепке дейінгі білім берудің негізгі білім беру бағдарламасын меңгеруге жан-жақты көмек көрсету, баланың даму кемшіліктерін түзету, оның әлеуметтік бейімделуі.

Бағдарламаның міндеттері:

- Баланың ерекше білім беру қажеттіліктерін анықтау;
- Мектепке дейінгі білім берудің негізгі білім беру бағдарламасының дамуына және оның оқу орнына кірігуіне жағдай жасау;
- Сөйлеу және ақыл-ой дамуының ерекшеліктерін, жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, жеке бағытталған психологиялық-педагогикалық көмек көрсету (психологиялық, медициналық-педагогикалық комиссияның ұсыныстарына сәйкес).
- Мектепке дейінгі білім берудің негізгі білім беру бағдарламасының дамуына және оның оқу орнына кірігуіне жағдай жасау;
- Сөйлеу және ақыл-ой дамуының ерекшеліктерін, жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, жеке бағытталған психологиялық-педагогикалық көмек

көрсету (психологиялық, медициналық-педагогикалық комиссияның ұсыныстарына сәйкес).

Бұл білім беру бағдарламасын іске асыру баланың сөйлеуінде де, жалпы дамуында да артта қалушылықты жою үшін баланың отбасына белсенді қатысуды қарастырады. Баламен үй жұмысын ұйымдастыруда мамандардың әдістемелік ұсынымдарын орындай отырып, олар оған белсенді позицияны алуға, сыртқы әлеммен сұхбаттасуға және ересек адамның көмегімен көптеген сұрақтарға жауап табуға мүмкіндік береді.

Жеке оқу жоспары

Бағдарламаның мерзімі - 1 оқу жылы (2024 - 2025).

Арнайы түзетуші іс-әрекет арнайы мектепке дейінгі ұйымдарда, мектепке дейінгі ұйымдардың арнайы топтарында мүмкіндігі шектеулі балалар үшін жүргізіледі.

Бағдарлама топтық және жеке сабақтар түрінде ұжымдық түрде жүзеге асырылады:

- тәрбиеші - күнделікті;
- логопед - аптасына 1 рет;
- педагог-психолог - аптасына 1 рет;
- дефектолог-аптасына 1 рет;
- музыка жетекшісі - аптасына 1 рет;
- дене шынықтыру нұсқаушысы - аптасына 2 рет;
- ата-аналардың өтініші бойынша ұсыныстар алынады.

Бағдарламаның міндеттері:

Баланың ерекше білім беру қажеттіліктерін анықтау;
Мектепке дейінгі білім берудің негізгі білім беру бағдарламасының дамуына және оның оқу орнына кірігуіне жағдай жасау;
Сөйлеу және ақыл-ой дамуының ерекшеліктерін, жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, жеке бағытталған психологиялық-педагогикалық көмек көрсету (психологиялық, медициналық-педагогикалық комиссияның ұсыныстарына сәйкес);

Сөйлеу дамуында қиындықтары бар тәрбиеленушіні психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің жеке бағыты

Баланың аты-жөні : Мейрам Ескендір

Тобы : ортаңғы «Бөбек» тобы

Баланың жасы: 26.01.2021ж

Мәселелер: Сөйлеу тілінің бұзылуы: сөйлеу тілінің тежелуі. Танымдық іс-әрекетінің бұзылысына байланысты ойын іс-әрекетінің бұзылысы.

Мақсаты: Балалар ұжымына бейімделуге көмектесу, баланың жеке мүмкіндіктерін көтермелеу және ынталандыру, ата-аналарды педагогикалық процесске тарту.

Міндеті: Дауысты, дауыссыз дыбыстардың дұрыс айтылуын меңгеруге көмектесу, баланың фонематикалық есту қабілетін қалыптастыру.

Баламен жұмыс жүргізу: күнделікті, ағымдағы 9 айда.

2024-2025 ж

I тоқсанның жұмыс жоспары

Айы	Мақсаты	Оқу қызметінде қолданылатын ойын мен жаттығу түрлері	Ойындар мен жаттығулар мазмұны
Қыркүйек	Көкөністер мен жемістерді ажырата білуге үйрету, ойлау қабілеттерін және сөздік қорын дамыту.	«Көкөністер мен жемістер»	Көкөністер мен жемістерді атап, екі себетке бөліп орналастыру.
	Әр түрлі ойындар ойнату арқылы, логикалық ойлау қабілетін дамыту, қызықты тапсырмаларға деген қызығушылығын арттыру.	«Ұқсас затты тап»	Геометриялық пішіндерді бір - бірінен ажырату және атай білу; қоршаған ортадағы сәйкес пішіндегі заттарды таба білу; баланың есте сақтау қабілетін шыңдау, ой - өрісін дамыту және жетілдіру;
	Көкөністер мен жемістерді ажырата білуге үйрету,	«Көкөністер мен жемістер»	Көкөністер мен жемістерді атап, екі себетке бөліп

	ойлау кабілеттерін және сөздік қорын дамыту.		орналастыру.
	Балалардың көру және ойлау кабілетін дамыту.	«Төрт мезгіл»	Ойынға 2-4 бала қатысады: тәрбиеші балаларға қыйынды суреттерді береді; оны балалар құрастырып бүтін сурет шығару керек.
Қазан	Балалардың логикалық ойлау кабілетін, ес, зейін, қабылдау процесстерін дамыту	«Айырмашылығын тап»	Тәрбиеші балаларға түрлі суреттер береді. Ойынға қатысқан балалар сол суреттерден айырмашылық тауып, көрсету қажет.
	Балалардың жеміс туралы ойларын дамыту.	«Жемістерді сана»	Реттік санауға үйрету.
	Биік -аласа ұғымдарын пысықтау	«Биік, аласа!»	Көгілдір аспан, жасыл алқап, өзен, бейнеленген суреттер
	Жыл мезгілдері бойынша киімдерді ажырата білуді үйренеді.	«Ажырат»	Жыл мезгілінің ауа- райына байланысты киетін киімдерді тауып, қажетті суретті мезгілге сәйкес орналастыру керек
Қараша	Балаларға заттарды жеке- жеке таныта келе, ен соңында заттардың жалпыатауын бір сөзбен ойлана отырып шешуде тапқырлыққа, шапшандыққа баулу.	«Жемістерді жина»	Балаларға жемістер беріледі, сол жемістерді алып, корзинаға жинау.

	Заттарды пішіндеріне қарай ажыратады ойлау қабілеттерін дамиды	«Қандай пішінге ұқсайды»	Заттардың пішініне қарай төрт топқа бөлу.
	Өсімдіктер туралы ойларын дамиды, ағаш пен гүлді ажыратады	«Ағаш па, гүл ма?»	Ағаштар мен гүлдерді екі топқа бөледі.
Күтілетін нәтижелер:		Фонематикалық есту қабілеті жақсарады.	
Ата-анаға кеңес:		Таза сөздерді айту, сөйлесу, артикуляциялық аппаратты, артикуляциялық және тыныс алу жаттығуларын орындау ұсынылады.	

2024-2025ж

II тоқсанның жұмыс жоспары

Айы	Мақсаты	Оқу қызметінде қолданылатын ойын мен жаттығу түрлері	Ойындар мен жаттығулар мазмұны
Желтоқсан	Ойлау қабілетін жетілдіру.	«Лото топтастыру»	Суретке қарап, толық сурет құрастыру.
	Дене мүшелерін ажыратуға, атауын атауға үйрету.	«Дене мүшелері»	Балалар мен айтқан дене мүшесін кім тез көрсетеді? Қол, саусақтарымыз, аяқ, бас, көз, құлақ, мұрын, шаш қайда деп іс-қимылмен көрсетіп ойнайды.
	«Біреу және көп» ұғымын ажырата алуға үйрету	«Біреу және көп»	Тәрбиеші балалардан заттардың арасынан бір және көп заттарды табуды өтінеді.
	Әр жыл мезгілінде қандай киімдер киетінін баяндату арқылы сөздік қорларын молайтып, ауыз екі сөйлеуге баулу.	«Бұны қай кезде киеді?»	Жыл мезгілдеріне сай киімдердің суреті, суреттегі киімдерді қай мезгілде киетіндігін айтқызу.

Қантар	Құстар туралы жалпы түсінік қалыптасқан, құстардың бейнесін сипаттауға үйрету	«Құстарға қалай көмектесеміз?»	Суреттер бойынша құстарды екі топқа топтастыру. Балалар сұрақтарға жауап береді, бір-бірінің жауаптарын толықтырады. - Қыстап қалатын құстарға қалай көмектесеміз?
	Балалардың ойлау қабілеттерін арттыру.	«Түйме»	Балалар жұптасып ойнайды. Олардың алдарында екі бірдей түйме жинағы жатыр. Әрбір ойыншыда өз ойын алаңына үш түйме тастайды, екінші ойыншы оны қарап, әрбір түйменің орналысуын есте сақтап қалуы керек. Осыдан кейін бірінші ойыншы өзінің алаңынан қағазбен жапсырып, ал екінші ойыншы өз алаңында бірінші ойыншының түймелері орналасуын бұлжытпай орналастырады. Ойында қаншалықты топ көз бен түйме көп болса, соншалықты ойын күрделене түседі.
	Көліктер туралы түсінік қалыптасып, құрастыру біліктерін артады	«Арнайы көліктер»	Көліктерді үлгіле қарап құрастырады

	Балалардың зейінін дамыту.	«Көлеңкеге орналастыр»	Балалар алдарындағы үлгі бойынша бөлінділерден сурет құрайды. Сурет бойынша әңгіме құрауды ұсыну.
Ақпан	Балалардың байқампаздық, есте сақтау қабілеттерін дамыту, шапшандыққа баулу.	«Төлін тап»	Балалар үй жануарлары бейнеленген суреттердің бірін таңдап, оның атын атап, төлін тауып сәйкестендіреді. Жануарлар мен төлдердің қорегі мен мекені туралы білгендерін айтады.
	Ойындар ойнату арқылы, логикалық ойлау қабілетін дамыту, қызықты тапсырмаларға деген қызығушылығын арттыру.	«Бірізді моншақтар»	Бауға асықтарды немесе шот тастарын тізу арқылы моншақ жасау;
	Гүлдер туралы жалпы түсінік қалыптастыру, гүлдердің күтімімен танысады.	«Гүлдерді күтеміз»	Гүлдерді екіге бөлу, дала гүлдерін газонның қасына іліп, ал бөлме гүлдерін үйдің қасына қою, суреттер бойынша әңгімелету.
	Балаларды рөлдерге бөлініп, сол рөл бойынша әрекет жасай алады.	«Дүкен»	Бір баланы сатушы етіп, қалған балалар сатып алушы болып ойнайды. (Мысалы, Сатушы «Келіңіз, сізге не керек?» деген сөздерімен және сатып алушылар «Рахмет» сияқты мейірімді сөздерді қолдана білуге үйрету).

	қызығушылықтарын арттыру.		боялмаған. Тәрбиеші балаларға тақтаға боялған пішіндерді іліп қояды. Балалардың міндеті сол тақтадағы түстеріне қарап алдарындағы пішіндерді сондай түспен бояйды.
Сәуір	Ойлау, есте сақтау қабілетін дамыту. Үй жануарлардың тіршілігі адамның қамқорлығына, күтім іне зәру екендігі туралы ұғымды қалыптастыра отырып, қамқорлық жасай білуге тәрбиелеу.	«Қай жануардың көлеңкесі қай жерде орнала сқан»	Балалар үй жануарлары бейнеленген қағаздан қай жануардың көлеңкесі екенін тауып, өз орнына орналастырып шығады.
	Балалардың үй жануарлары мен үй құстарының дыбыстауларын ажыратуға баулу	«Дауысынан таны»	Балалар құстар мен үй жануарларының дауыстарын ажыратады.
	Заттың түр-түсін, пішінін, атын атауға жаттықтыру; сөздік қорын молайту; ойлау қабілетін дамыту.	«Танып ал да, атын ата»	Балаларға әртүрлі ойыншықтарды көрсету. Ортаға бір-бір баладан шақырып, бір ойыншықты алып, оның түр-түсін, пішінін, қасиетін анықтауды және сол ойыншық жайлы әңгіме құрауды немесе тақпақ айтып беруді ұсынады.
	Балалардың ойлау қабілетін дамыту.	«Ұшатын және ұшпайтын заттарды ажырата білу»	Суреттен ұшатын, ұшпайтын заттарды ажыратып, аттарын айтқызу. ойыншықтар, құстардың суреттері.

Күтілетін нәтижелер:	Дидактикалық ойындарға қуана қатысады.
Ата-анаға кеңес:	Сөздік ойындарға деген тұрақты қызығушылықты сақтаңыз.

2024-2025 ж
ІІІ тоқсанның жұмыс жоспары

Айы	Мақсаты	Оқу қызметінде қолданылатын ойын мен жаттығу түрлері	Ойындар мен жаттығулар мазмұны
Наурыз	Балалардың ойлау қабілетін және қол моторикасын дамыту.	«Сыйқырлы таяқшалар»	Балаларға берілген таяқшаларда алып, қағазда берілген суреттерді таяқшалар арқылы қайталап суретін жасау.
	Балаларды үй жануарлары мен төлдерді ажыратуға, олардың қимылын, қалай дыбыстайтынын айтқызып, оларға камқоршы болуға тәрбиелеу.	«Үй жануарлары»	Балаларға үй жануарларының суреттері таратылып беріледі. Олардың қалай аталатынын, қалай дыбыстайтынын, қалай күтуге болатынын айтқызады.
	Балалардың ойлау қабілетін және қол моторикасын дамыту.	«Түрлі-түсті асықтар»	Түстерді сәйкестендіруге үйрету.
	Түстерді тани білуге үйрет, ойын элементтерін пайдалана отырып математикаға	«Пішіндерді боя»	Балаларды ұйымдастырып, оларға ақ бет қағаздағы пішіндердің суреттері таратылып беріледі. Бұл суреттегі пішіндер

Мамыр	Бала бойына әдептілік, ұқыптылық, тазалық, және де басқа жақсы әдеттерді бала бойына дамыту. Балаларға дұрыс тамақтауға дағдыландыру.	«Үй жануарлары»	Балаларға төрт үй жануары беріледі. Жануарларды тамақтанырады.
	Балалардың қызығушылықтарын оятып, түстерді атай білуге дағдыландыру.	«Бағдаршам»	Балалар үш түсті дөңгелектердегі қызыл, жасыл, сары түстерді кезек-кезек атайды.
	Балаларды әр түрлі мамандықпен таныстыру, еңбекті құрметтеуге дағдыландыру	«Мамандықтың бәрі жақсы»	Суреттер тақтаға іленеді. Бала өзі қалаған мамандығын қарап алады да, сол мамандық туралы әңгімелейді.
	Негізгі түстерді меңгеруге, киім атауын атай білуге және сөйлемде қолдана білуге жаттықтыру.	«Қуыршақты серуенге киіндіріп, шығарайық»	Балаларға қуыршақтың серуенге шығатындығын, ол үшін Қуыршақтың үстіндегі пальто түсіне сәйкес бас және аяқ киімдерді таңдап алуға көмектесулерін сұрайды. Балалар түрлі түстердің арасынан өзіне қажетті киімдерді таңдап киіндіреді.
Күтілетін нәтижелер:		Қол моторикасы дамыйды. Баланың зейіні тұрақты болады.	
Ата-анаға кеңес:		Баламен ылғый қарым-қатынаста болу. Оқу қызметіне байланысты суреттер, бейне роликтер көрсету. Баланың ойлау қабілетін дамытатын ойыншықтармен жұмыс жасау.	